

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған  
«КОНСТИТУЦИЯ: ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІЛІГІНІҢ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН  
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
29 тамыз 2018 жыл, Астана қ.

МАТЕРИАЛЫ  
Международной научно-практической конференции  
«КОНСТИТУЦИЯ: ВОПЛОЩЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА,  
ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА»  
посвященная Дню Конституции Республики Казахстан  
29 августа 2018 года, г. Астана

MATERIALS  
International scientific-practical conference  
«THE CONSTITUTION: THE EMBODIMENT OF THE VALUES OF THE RULE  
OF LAW, CIVIL SOCIETY, AND THE MODERN STATE»  
Devoted to Constitution Day of the Republic of Kazakhstan  
August 29, 2018, Astana

**ӘОЖ 342(063)  
КБЖ 67. 4000.1  
К18**

**Редакциялық алқа:**

**Амандықова С.К., Өмірзақов П.К., Хайрмуханмедов Н.И., Тлепина Ш.В.,  
Мукашева А.А., Сембекова Б.Р., Жуманова М.Х.**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарының жинағы (29 тамыз 2018 жыл). Жалпы редакциясын басқарғандар: И.И. Рогов, А.О. Шәкіров, Е.Б.Сыздықов. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 394 б.

**ISBN 978-9965-31-953-2**

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған «Конституция және қоғам мен мемлекеттің жаңғыруы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы қоғамды және мемлекетті жаңғыртудың теориялық және құқықтық аспектілері, азаматтық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы реформалау, сондай-ақ халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы құқықтар туралы ғылыми мақалаларды қамтиды. Жинақ заңгер-мамандарға және кең қауымға арналған. Барлық материалдар авторлардың баяндауында жарияланды.

В Сборник материалов международной научно-практической конференции «Конституция и модернизация общества и государства», посвященной Дню Конституции Республики Казахстан, включены научные статьи по вопросам теоретико-правовых аспектов модернизации общества и государства, реформирования гражданского и уголовно-процессуального законодательства, а также имплементации норм международного права в действующее право РК. Сборник рассчитан на специалистов-юристов и широкий круг общественности. Все материалы опубликованы в изложении авторов.

The collected materials of international scientific-practical conference: «Constitution-the basis of dynamic and stable development of the society and the state», devoted to the Day of Constitution of Republic Kazakhstan the greetings and reports of leadership of state bodies of Kazakhstan, bodies of the constitutional control, ombudsmen, judges of the constitutional courts and correspondent bodies of the number of foreign countries, eminent home and foreign scientists –lawyers are included. The collected materials are designed for experts –lawyers and broad sections of the public. All the materials are published in the exposition of the authors.

**ISBN 978-9965-31-953-2  
ӘОЖ 342(063)  
КБЖ 67.400.1**

**©ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2018**

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

<b>Marco Gregg</b>	A Euro model for the tobin tax: the (tossible) impac to the new tax on the European Financial Market (and on the non eu investors)	9
<b>Онгарбаев Е.А.</b>	Об изменениях и дополнениях в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений	13
<b>Тхабисимова Л.А.</b>	О некоторых аспектах понимания конституционной ответственности в решениях конституционного суда Российской Федерации	17
<b>Кванина В.В.</b>	Конституционно-правовые основы отраслевых принципов предпринимательского права России и Казахстана	20
<b>Букалерова Л.А. Остроушко А.В.</b>	К вопросу о коррупции в системе образования в России	23

### СЕКЦИЯ 1

#### ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И РАЗВИТИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ЦЕННОСТЯХ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА

<b>Амандыкова С.К. Есентемирова А.М. Аничкин Е.С.</b>	Некоторые проблемы и перспективы высшего образования в Казахстане	27
<b>Абдрасулов Е.Б.</b>	Конституционное право Российской Федерации и стран Центральной Азии: факторы общности	36
<b>Нурпеисов Е.К.</b>	Судебная власть и ее роль в обеспечении конституционной законности.	40
<b>Капсалямова С.С. Абуов А.А.</b>	Конституция и развитие гражданского общества в Казахстане	43
<b>Амандыкова С.К. Калмаганбетова Д.Б.</b>	Некоторые вопросы повышения правовой культуры государственных служащих Республики Казахстан	47
<b>Кусаинова Л.И. Айтбай Ж. А.</b>	Правовые основы положения политических партий в Республике Казахстан	51
<b>Громова Е.А.</b>	Правовое регулирование защиты прав потребителей финансовых услуг в Казахстан	54
<b>Ибрагимов.Ж.И.</b>	Государственно-частное партнерство в условиях цифровой реальности: сравнительно-правовой анализ законодательства России и Казахстана	60
<b>Кусаинова Л.И. Смагулова А.С.</b>	Конституция құқық үстемдігінің кепілі	63
<b>Сарсенова С.Н.</b>	Вопросы возрождения обычных правовых норм в современной системе гражданского права	68
<b>Гезердава С.И.</b>	Актуальные вопросы институциональных реформ области высшего образования Казахстана	72
	Конституционное измерение характеристик гражданского общества (сравнительно-правовой анализ)	76

<b>Иванова Ж.Б.</b>	Конституционно-правовая охрана объектов культурного наследия как воплощение традиционных духовно-нравственных ценностей народа	82
<b>Спиридонова А.В.</b>	Конституционный принцип свободы предпринимательской деятельности и его ограничение антимонопольным законодательством	84
<b>Калмаганбетова Д.Б.</b>	Правовое регулирование участия политических партий в выборном процессе Республики Казахстан	87
<b>Хайрмуханмедов Н.И.</b>	Егемендік ұғымының теориялық-құқықтық негіздері	90
<b>Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Смағұлов А.А. Османова Д.Б. Абдикаликов К.Б. Әлмұхамбетов Ж.Н.</b>	Дәстүрлі құқықтағы ар-намысты қорғаудың өзіне тән ерекшеліктері	94
<b>Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.</b>	Оценка современной системы высшего образования Республики Казахстан	98
<b>Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан</b>	Казакстан Республикасындағы кәсіптік одақтар қызметінің конституциялық-құқықтық жағдайы	102
<b>Жамбаев Е.С. Сапарбекова Б. Е.</b>	Қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық – конституциялық құндылықтың мазмұны және оны қамтамасыз ету құралдары.	105
<b>Ибрагимов Ж.И. Бұлақбаев М.Б. Сәулен Нұржан</b>	Есеп беруші мемлекетті қалыптастырудағы мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасының ролі ролі	108
<b>Хайрмуханмедов Н.И.</b>	Қазақстан Республикасында жоғарғы білім беру барысындағы өзекті мәселелер	114
<b>Алимпиева Т.Г.</b>	Еуропалық жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылыми зерттеулер кеңістігінің ерекшелігі	116
<b>Капсалямова С.С. Зейдин К.Б.</b>	Конституционные основы общественного согласия и политической стабильности Республики Казахстан	123
<b>Женисов С.К. Мысыр Олжас Сеилханов Ж.Д.</b>	Омбудсмен институтының конституциялық-құқықтық негіздері	125
<b>Мырзатаев Н.Д.</b>	Ата заңымыз тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, сақтау және пайдаланудағы негізгі қайнар көзі ретінде	129
<b>Weisbekova G.K.</b>	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	131
<b>Нурутдинова А.Ж.</b>	Цифрлы технологияларды енгізу процесіндегі жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері	134
<b>Kussainov A.A.</b>	The concretization of legal norms in court holding (theory and practice)	136
<b>Наурызбаев Е.А. Глеубердина У.Т. Женисов С.К. Мысыр Олжас Смағұлова А.С. Кусайнова Л.И. Роза Өміртай</b>	Проблемы совершенствования правовой охраны окружающей среды на военных и оборонных объектах Республики Казахстан	138
	Bologna process as a basis of transformation of higher education institutions in non-commercial joint stock companies (experience of the baltic states)	141
	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі конституцияның маңыздылығы	144
	Конституциялық реформалар аясындағы мемлекеттік билік тармақтарының өкілеттіктері	148
	Договор личного найма в обычном праве	150
	Конституция – елдігіміздің айнасы	153

<b>Бердыбаев Е.М.</b>	Қоғамдағы құқықтық сананың қалыптасу бағыттары.	155
<b>Махов А.Р</b>	К вопросу о совершенствовании конституционной ответственности глав субъектов зарубежных федераций	157
<b>Саулен Нуржан</b>	Местные исполнительные органы власти Казахстана: организация, деятельность и полномочия	164
<b>Бабаян Р.А.</b>	Информационная безопасность как неотъемлемая часть системы национальной безопасности Российской Федерации на современном этапе	168
<b>Мырзатаева Р.Д.</b>	Бастауыш сынып оқушыларының тілдік сауаттылығы: әдістемедегі инновациялар	171
<b>Ораз Рсай</b>	Қазақстандағы әйел құқықтарының құқықтық теориялық аспектілері	174
<b>Рябова Т. В</b>	Правовые позиции органа судебного конституционного контроля Республики Армения	177
<b>Нугыманов Е.</b>	Конституция қоғамдық тұрақтылықты сақтау мен нығайтуының кепілі	179
<b>Сапарбекова Б.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің әлімдік тәжірибесі	181
<b>Мырзатаев Н.Д.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
<b>Гастаев Н.Б.</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесі	187
<b>Цой К.Р.</b>	Анализ законодательства в сфере образования для детей с особыми образовательными потребностями	189
<b>Макоев Т.В.</b>	Конституционные основы многопартийности в современной России	194
<b>Садуақасов А.А</b>	Мемлекеттік билік бөлінісінің принциптері және қр-ның конституциясына бектілуі	197
<b>Зейнелгаби Адиль Омарова Э.Б.</b>	Правовое регулирование вопросов социального обеспечения в Республике Казахстан	199

## СЕКЦИЯ 2 КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГРАЖДАНСКИХ ПРАВООТНОШЕНИЙ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ

<b>Өмірзақов П.Қ</b>	Корпоративтік құқықтың дамуының конституциялық негіздері	203
<b>Абдирайымова А. докторант</b>	К вопросу о государственном регулировании продовольственной безопасности в Республике Казахстан	205
<b>Бексултанова Р.Т., Калтаева А.Т.</b>	Доступ к правосудию как принцип правового государства	209
<b>Жаркенова С.Б.</b>	Некоторые актуальные вопросы совершенствования трудового законодательства Республики Казахстан	212
<b>Жусипова Б.А., Омарова Э.Б.</b>	Еуразиялық Экономикалық Одақ мүше елдердің жер қатынастары субъектілерінің құқықтық жағдайы	218
<b>Нурғалиева Е.Н.</b>	Правовая защита социально-уязвимых слоев населения	221
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	Некоторые вопросы становления конституционализма в Республике Казахстан	225
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	О некоторых новеллах современного трудового законодательства Республики Казахстан	228
<b>Нурмагамбетов А.М.</b>	О предмете международного трудового права	231
<b>Нурмагамбетов А.А.</b>	Добросовестность, разумность и справедливость	235

<b>докторант Омарова Э.Б., Бердиярова Ж.С. Омарова Э.Б., Жусипова Б.А. Палымбетов Н.Ш. докторант Хасенов М.Х.</b>	как оценочные понятия гражданского права Охрана труда по действующему трудовому законодательству Конституционно правовые основы Жұмыспен қамтудың типтік емес нысандарының заңды мәні Влияние новых технологий на развитие гражданского права: вызовы XXI века	239 242 246
<b>Марат Н.М.</b>	Қазақстан Республикасында концессиялық қатынастардың құқықтық реттелуі	252
<b>Карибаева А.К.</b>	Основные направления определения гражданско-правовой ответственности за коррупционные правонарушения в Республике Казахстан	258
<b>Кожаметова С.Г.</b>	Особенности правового статуса различных видов субъектов предпринимательства	262
<b>Сақтағанова И.С., Аябековам.Н.</b>	Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қол жетімді ортадағы құқықтары: тәжірибелері, мәселелер және оны шешу жолдары	266
<b>Абдраимов Е. Палымбетова М.</b>	Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі Жерге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқығын шектеудің құқықтық мәселелері	275 277
<b>Сактаганова А.</b>	Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау саясаты	280
<b>Тоғжанова Ж.</b>	Ювеналды әділет – кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі	283
<b>Жүмекен Н.</b>	Қазақстан Республикасындағы инвестициялық саясатты жүзеге асыру және қр заңнамасына сәйкес реттеу	285
<b>Сактаганова А.</b>	Медициналық сақтандыруды дамытудың шетелдік тәжірибесі - азаматтардың мүдделерін қорғаудың нысаны	288
<b>Абдраимов Е. Сактаганова А.</b>	Сот билігінің конституциялық негіздері Қазақстандағы арбитраж (аралық) соттың қалыптасуы және дамуы	291 294
<b>Сақтағанова И.С., Аябекова М.Н. Темиржанова А., Жолимова А., Болатбекова И. Қожахметова Д.С.</b>	Мүгедектердің құқықтарын қорғаудың халықаралық- құқықтық негіздері Правовой механизм защиты прав человека (на примере построения финансовых пирамид)	298 305
<b>Сақтағанова И.С., Жанжігітова Ж.А. Марленқызы А.</b>	Совершенствование правовых механизмов ипотечного кредитования в Республике Казахстан Жаңа заманғы экономикалық қоғамдағы отбасылық бизнесті дамытудың кейбір мәселелері Атқарушылық іс жүргізу құқықтық институтының дамуы және келешегі	308 314 318
<b>Айбасов А. Аманғалиева А.</b>	Сақтандырудың даму тарихы Шет мемлекеттердегі баламалы немесе аналогиялық құқықтық институттар	325 331
<b>Калтаева А.Т.</b>	Конституция-қоғам мен мемлекет дамуының динамикалық және тұрақты негізі	338

### СЕКЦИЯ 3 ВОПЛОЩЕНИЕ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА В УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКЕ

## РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

<b>Ахпанов А.Н., Келигова Х.Ю.</b>	Ошибки в свидетельских показаниях	341
<b>Ахпанов А.Н., Турсын А.М.</b>	Вопросы обеспечения электронного перевода В современном уголовном процессе	345
<b>Скаков А.Б.</b>	Обеспечение прав испытуемых в условиях пробации	349
<b>Сембекова Б.Р.</b>	Антикриминальная безопасность личности в системе противодействия терроризму и экстремизму	355
<b>Канаев А. С Амиргалиев А.А.</b>	О некоторых вопросах контрразведывательной деятельности в Республике Казахстан	358
<b>Дук Ю.И.</b>	Соблюдение принципов верховенства права в борьбе с региональной преступностью.	362
<b>Кабакова О.В.</b>	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	364
<b>Баймолдина С. М.</b>	Уголовная ответственность за преступления, совершаемые в информационных системах в Республике Казахстан	369
<b>Муратханова М.Б., Мұқаметқазинов А.С.</b>	Халықаралық деңгейде және шетелдерде	372
<b>Ашимова Э. А.</b>	Жасөспірімдерді өзін - өзі өлтіруге дейін жеткізуге итермелейтін себептер	376
<b>Ашимова Э. А., Абулкаирова А. М. Даурембеков Е.К.</b>	Пайдакүнемдік қылмыстарының алдын алу шаралары	382
	Правовые аспекты избрания меры пресечения в виде содержания под стражей в отношении женщин подозреваемых и обвиняемых в акте терроризма	385
<b>Балгынтаев А.О., Енсебаева А.Р. Досанов М.У.</b>	Вопросы социального обеспечения судей	389
	О вопросах совершенствования Казахстанского уголовного законодательства по борьбе с мошенничеством	391
<b>Салпеков А. С.</b>	Правовые гарантии и проблемы обеспечения независимости судей в Республике Казахстан	394
<b>Сеилханов Ж.Д.</b>	Экономикалық контрабанда: қоғамдық қауіптілігі және жауаптылық мәселелері	398
<b>Тулепенов Ж. К. Кубенова Ш.А.</b>	Қылмыстық жауаптылықтан босатудың кейбір негіздері	400
	Уголовная ответственность за вовлечение совершеннолетних в совершение уголовных правонарушений в Республике Казахстан	404
<b>Бегеев Т. Б.</b>	Особенности проявления экстремизма и терроризма в обществе	407
<b>Аширбекова К. Б. Дуисова А.М.</b>	Систематизация судебного приговора	411
	Права и свободы человека в Казахстане, как система ценностей правового государства	413
<b>Кулбаева М. М.</b>	Понятие и эффективность уголовно-правового воздействия на врачебную ошибку	418

## СЕКЦИЯ 4

### МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

<b>Сарсембаев М.А.</b>	Казахстанские и международные суды в решении международно-правовых проблем (на примере проблем международного транспорта и транзита)	422
------------------------	--	-----

<b>Тлепина Ш.В.</b>	Периодизация истории международного права	425
<b>Акпарова Р. Н.</b>	Международные стандарты и законодательство Республики Казахстан о правовом значении актов органов уголовного преследования и судов иностранных государств	431
<b>Алпысбаева Ю. А.</b>	Актуальные проблемы обеспечения свободы передвижения товаров в рамках евразийского экономического союза	441
<b>Алшинбаев И. Ф.</b>	Международно-правовое регулирование биологической безопасности на космических объектах	443
<b>Есенбаева Г. С.</b>	Международно-правовые проблемы режима контроля за ракетными технологиями	446
<b>Жаксыгельдинов Л. Д.</b>	Определение правосубъектности транснациональных корпораций в теории международного права	449
<b>Жунусбекова А. Ж.</b>	Халықаралық құқықтағы халықаралық шарттардың маңыздылығы	452
<b>Искакова Ж. Т.</b>	Еаэс и вто: взаимодействие двух правопорядков	456
<b>Кабакова О.В</b>	Конституционные обязанности молодежи Российской Федерации как воплощение верховенства права в условиях построения гражданского общества	458
<b>Қаражан Б. С.</b>	Международно-правовое сотрудничество стран центральной азии в условиях региональной интеграции	463
<b>Костяная Ю. С.</b>	Конституционное право человека и гражданина на информацию в Республике Казахстан.	466
<b>Сатова А. С</b>	Энергетическое сотрудничество в рамках еаэс как инструмент глобализации.	468
<b>Сарсембаев М.А.</b>	Проблемы транзита В Казахстанском законодательстве и международном праве	470
<b>Сейдеш Б. Б.</b>	Конституция – мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлттық құндылықтарды сақтау кепілі ретінде	475
<b>Сулейманова И. И.</b>	Халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес қылмыстық заңнаманы дамыту жолдары	483
<b>Панов С.К.</b>	Универсальный периодический обзор как уникальный механизм универсальной правозащитной системы	485
<b>Хамидулина М. Б.</b>	Вопросы международно-правовой защиты авторских и смежных прав	487
<b>Шналина А. А.</b>	Техническое регулирование как механизм защиты потребителей. Безопасность игрушек.	491
<b>Sartayev A.K.</b>	“Kazakhstan in the age of independence (some problems of international treaties realization)”	493



### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз  
<http://adilet2an.kz/kaz/docs/K950001000> (жүгінген күні 10.01.2018)
2. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.
3. Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
4. «Қоғамдық келісім туралы», Жан-Жак Руссо [kk.m.wikipedia.org](http://kk.m.wikipedia.org)
5. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы ҚР Президентінің 2010 жыл 1 ақпандағы Жарлығы

## ЕСЕП БЕРУШІ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ РӨЛІ

### Ибрагимов Жамаладен Ибраһимұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының профессор міндетін атқарушы, з. г. д.*

### Бұлақбаев Манас Бейсенбекұлы

*«Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты*

Қандай қоғам болмасын ең алдымен өзінің азаматтары үшін есеп беретін мемлекетті құруға талпыныс жасайды. Өйткені мемлекет адам үшін қызмет жасау керек. Осындай ұстанымға қол жеткізу үшін мемлекеттің құқықтық жүйесінің жаңа заман қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаһандық сын-қатерлерге жауап беру үшін қазақ елінің Ата заңына бірнеше өзгерістер енгізілді. Әрбір өзгерістің негізгі басымдықтары адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталды. Қазақстан Республикасында есеп беруші мемлекеттің қалыптасу барысы еліміздің ұлттық заңнамасын жетілдіруді қажет етеді. Осы орайда конституциялық-құқықтық реформалардың жүргізілу барысын жүйелі түрде ғылыми тұрғыда талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ еліндегі бүгінгі таңдағы жаңғыртулар қоғамның тұрақтылығын күшейтуге және азаматтардың құқықтық мәдениетін саналы түрде жетілдіруге бағытталып отыр. Мемлекеттегі экономикалық, саяси, рухани жаңғыртулар құқықтық сананы одан әрі дамытуды қажет етеді. Бүгінгі таңда құқық қорғау жүйесін төртінші өнеркәсіп революция ауқымында жетілдіру үрдісі жүріп жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясына кезекті 2017 жылғы 10 наурызда өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңды қабылдау Қазақстан қоғамын демократияландыру процесінде қарышты бір қадам болды. Реформалар жүргізу шешім қабылдаудың арнайы жасақталған тетігінің болуын, әлеуметтік топтар арасында келісімге қол жеткізудің саяси-құқықтық технологияларын талап етеді. Біздің қоғамда қалыптасқан ерекшеліктерге орай, кең өкілеттіктерді жұмылдырған күшті атқарушы билік пен парламентке күзiретiлiктердiң бөлiнiп берiлуi билiк тармақтарын қызметiн жетiлдiруге жасалған мүмкiндiктердiң бiрi. Батыс заңгерлерiнiң бiрi Стивен Холмс: «Конституция мемлекетке реформалар жүргiзуге байланысты қарама-қайшылықтар мен қиындықтарға қарсы тұруға мүмкiндiк беруi тиiс» деп атап көрсеттi [1, 55 б.].

Осы тұрғыда біздің қоғамдағы құқықтық жаңғыртулар Ата заңымызға өзгерістер енгізуден басталды. Еліміздің тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан 27 жылдан бергі мемлекет органдарының жинақтаған тәжірибелері сараланып, шетелдердің де тәжірибелері салыстырылып қарастырылып келеді. Жалпы Парламентке, оның палаталарына, заң шығару қызметіне қатысты отандық зерттеулер біршама көп, ал тұтастай реформаға, оның ішінде есеп беруші мемлекетті қалыптастырудағы конституциялық-құқықтық реформаға қатысты зерттеулер аз жасалған деуге болады. Зерттеу еңбектерінде мемлекеттік органдардың жүйе ішіндегі дамуы сияқты мәселелері қарастырылған, ал реформадан кейінгі олардың тежемелік және тепе-теңдік қағидасы бойынша бір-бірімен бірлесіп жұмыс істеу мәселелеріне жете назар аударылмай келеді. Конституция мемлекеттің Негізгі Заңы мәртебесіне ие болғандықтан, оған енгізілетін өзгерістер қоғам өмірінің барлық салаларын түгелдей қамтиды.

Жалпы мемлекеттің қызметіндегі Негізгі заңның ролі туралы академик С.Сартаев өз еңбегінде былай атап өтті: «Қоғам жүйесін реттейтін әлеуметтік нормалар ішінде Конституция мен конституциялық актілер ерекше орында болады, олар саяси жүйенің барлық тетіктерін заңдық жағынан бекітіп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдық-саяси қызметтің маңызды жақтарын да реттейді» [2, 2 б].

Осы үрдістердің дамуын білуге сәйкес, Қазақстанның конституциялық дамуын қай кезеңнен бастау керектігі жөніндегі мәселе заңгер-ғалымдардың пікірталастарының өзегі болып келеді. Конституциялық мемлекет құруға деген алғашқы талпыныстарды 1916-1919 жылдары алаш қозғалысының өкілдері жасаған еді. Е. Нұрпейісов, А. Котов сияқты қазақстандық заңгерлердің пікірінше: «Алаш орда үкіметінің қызметі мемлекеттік құрылым ретінде ерекше маңызға ие, ол егемендікке ұмтылған қазақстанның конституциялық эволюциясының алғашқы нышандары болды» [3, 19 б.]. Сол кезеңде, яғни 1917 жылғы 21-қарашада «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жариялануы ұлттық мемлекеттіліктің даму және қалыптасу тарихындағы маңызды қадамдардың бірі болған еді.

Қазақстанның конституциялық дамуының келесі кезеңі билік басына Кеңестер Одағы келген соң басталған кеңестік дәуір кезеңімен сипатталады. Бұл кезеңде үш Конституция қабылданды: 1926 жылғы 18-ақпандағы қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы, 1937 жылғы Қазақ ССР-і Конституциясы және 1978 жылғы Қазақ ССР-і Конституциясы. Бұл Конституциялар сөз жүзіндегі демократиямен және өмір шындығынан алшақ жатуымен ерекшеленген еді. Белгілі заңгер-ғалым А. Котов конституциялық дамуды 5 кезеңге бөліп қарастырады. Ол Қазақстанның конституционализмге өту эволюциясы ХХ ғасырды толықтай қамтиды, осы кезеңді шартты түрде мынадай негізгі 5 кезеңге бөлуге болады деп көрсетеді:

- кеңестік (1900-1917 жж. – ұлттық - демократиялық идеядан Алаш Конституциясына дейін);

- кеңестік дәуір (20-ншы жылдар мен 80-нші жылдардың аяғы);

- кеңестік дәуірдің аяқталу кезеңі (80-нші жылдардың 2-нші жартысы - 1990-ншы жыл);

- посткеңестік дәуір - егемендікті бекіту;

- тәуелсіз қазақстанның бастапқы кезеңі (1993 жылдың қарашасынан бастап, ұлттық валюта енгізумен бірге) [4, 27 б.].

Конституциялық даму кезеңдерінің төрт сатысы бөліп көрсетіледі. Осы теория бойынша келесі қазақстандық заңгер-ғалым Ғ. Сапарғалиев қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуын 4 кезеңге бөледі:

- «1-нші кезең - Қазақ КСР Конституциясына қазақ КСР-ының «Президенттің қызмет орнын белгілеу туралы» 1990 жылғы 24-сәуірдегі заңын қабылдау;

- 2-нші кезең - Қазақстан Республикасының «Қазақтың Кеңестік

Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы 1991 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған Заңы:

- 3-нші кезең - Жоғарғы Кеңестің 1993 жылы жаңа Конституцияны қабылдауы;

- 4-нші кезең - ҚР 1995 жылғы Конституциясының қабылдануы» [5, 17 б.]. Заңғылымының білгірлерінің бірі, академик М. Баймаханов өз кезегінде, Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының екі кезеңін бөліп көрсету қажет деп есептейді.

«I кезең - Қазақстанның толықтай мемлекеттік тәуелсіздігін алуынан бастап ұлттық мемлекеттілік пен құқық негіздерін қалыптастыруды аяқтауға өткенге дейін.

II кезең - Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптастырылуын аяқтау» [6, 104-105 б].

Мемлекеттің құқықтық тұрғыда қалыптасу кезеңдерін мұндай дәуірлеу Қазақстан Республикасының ұлттық құқықтық жүйесінің даму кезеңіне толық көлемде сәйкес келеді деп айта аламыз. Батыс үлгісіне бейімделген құқықтық жүйе қазақ елі тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан кезден соң ғана қалыптаса бастады. Алайда, бұл тұжырым ел тарихындағы алдыңғы кезеңдердегі мемлекеттік-құқықтық дамуды де жоққа шығара алмайды.

Мемлекеттің қалыптасуы - күрделі тарихи жол. Қазақ Ордасының алғашқы хандары - Керей мен Жәнібек алаш жұртының негізін салды.

Белгілі заңгер-ғалым, академик С. Зиманов сөзімен айтқанда: «қайта өркендеу, еркін даму - қазақ елінің сан ғасырлық күресінің негізгі баяны - әрқашан өзінің ұлттық мемлекеттілігін қалыптастырумен байланысты болатын. Ұлттың өзін-өзі тануы көп жағдайда мемлекеттегі басқару нысанына тәуелді. Ұлттық мемлекеттілік - басқарудың ең жоғарғы нысаны» [7, 241 б.].

Өйткені, демократиялық қоғам қалыптастыру, азаматтық қоғам құру мен ұлттық құқықтық жүйенің дамуы бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Біздің көзқарасымыз бойынша қазақ елінің ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасу кезеңіне - 2017 жылғы 10 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның нәтижесі болған 2017 жылғы жүргізілген конституциялық-құқықтық реформаны да қосып қарастыру керек.

Әрине, құқықтық жүйені реформалау ұзақ уақытты қажет ететін процесс екендігі даусыз, өйткені ол мемлекет өміріндегі барлық өзгерістермен және басқа салаларда жүргізілетін реформалармен тығыз байланыста болады. Сонымен бірге жаңа Конституцияның өз күшіне енуі заңнамадағы елеулі өзгерістерге де алып келеді. Ал жаңа Негізгі Заңның ережелері біздің өміріміздің нормаларына айналуы үшін және барлығы соған сәйкестікте өмір сүруі үшін көптеген іс-шаралар атқарылуы тиіс. Сондықтан Қазақстан мемлекеттілігінің қазіргі заманғы даму кезеңін сатылап жүргізілетін конституциялық реформа кезеңі деп атайды.

Конституциялық-құқықтық реформаның басқа саладағы реформалардан ерекшелігі оның жалпы саясатқа жақын тұруына байланысты. Себебі, Конституция аса маңызды заң құжаты болып табылатындықтан, онда саясат пен құқық ішкі тұтастығымен бірге үйлестірілген.

Демек, Қазақстанда жүргізілген конституциялық реформаның мәнін түсіндіру үшін оларды жүргізудегі мынадай бірнеше сатыларды атап өту қажет деп ойлаймыз:

Бірінші кезең Республиканың тәуелсіздік алуына байланысты - қайта құрудан тәуелсіз мемлекет құру жолы, яғни реформаның дайындық сатысы. Осы 1990 - 1993 жж. кезең аралығында Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде орнықты. Мемлекет алдында өз құрылымын анықтау мәселесі тұрды. Биліктің іс-жүзінде бөлінбеуі, экономикада орын алған дағдарыс, саяси тұрақсыздық, демократиялық институттардың әлсіз болуы, халық санасында кеңестік замандағы ойлау жүйесінің қалып қоюы сияқты факторлар реформа жүргізуде тежеуші фактор болды. Сол үшін осындай кемшіліктерді жоюға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңарту жүргізу қажет еді.

Республика егеменділігінің алғашқы кезеңіндегі екінші жол, өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолы таңдап алынды, бірақ «Қазақ ССР-ның мемлекеттік егеменділігі туралы» Декларация қабылданғаннан кейін түбегейлі бағыт анықталып, жаңа Конституция жасау қолға алынды» [8,7 б.].

Сөйтіп, құқықтық мемлекет құру жолына түскен біздің ел үшін мемлекеттік құрылым саласындағы реформа бұл кезеңде мемлекеттік басқару, заңнама, адам құқықтарын қорғау жүйесі саласындағы саяси жетілдірудің бір бөлігі ретінде жүргізілді. Осы кезең аралығында «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң да қабылданды. Мемлекеттік егемендік туралы Декларация көп жылдардан бері тұңғыш рет Қазақ КСР-нің аумағы бөлінбейтіндігін және оған қол сұғуға болмайтындығын, сонымен қатар оның келісімінсіз Қазақ КСР-нің аумағын пайдалануға болмайтындығын ережеде нақтылап берді (Декларацияның 3-бабы).

1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының қабылдануымен Қазақстан Республикасындағы конституциялық дамудың келесі кезеңі басталады [9].

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның басты идеяларын дамыта отырып, осы конституциялық заң Қазақстан Республикасы ендігі жерде барлық мемлекеттермен өзінің қарым-қатынасын тәуелсіз мемлекетке тән халықаралық құқық қағидаларымен орнататындығын бекітіп берді. Мемлекет өмірінде аса маңызды деп танылған осы қос құжат Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясы қабылданғанға дейін жаңа мемлекеттің, жаңа Республиканың өмірге келгенін айқындайтын актілер болып табылды, сөйтіп бұл заңдар 1990 жылғы Декларацияда салынған жаңалықтардың одан әрі орнығуы, тікелей жүзеге асуы болды. Біздің еліміздегі демократия құндылықтарының алғашқы тәжірибесі осылай жемісті болған еді.

Конституциялық эволюцияның толыққан кезеңі 1993 жылғы 28-қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау болды. Ол Қазақстан қоғамын демократияландыруда маңызды қадам болып, жаңа тәуелсіз мемлекетті өркениетті конституциялық елдердің қатарына көтерді. Конституциялық-құқықтық нормаларды құрайтын нормативтік құқықтық актілер жиі өзгерістерге ұшырайтынын, кейде тіпті алынып тасталатынын айта кету қажет. Республиканың конституциялық-құқықтық заңдылықтары құрылу сатысында тұр, белгілі бір тұрақсыздықты осымен де түсіндіруге болады. Оны Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің қалыптасу процесімен де түсіндіре аламыз.

Келесі, яғни екінші саты 1993-1995 жж. конституциялық дағдарыс кезеңі мен 1993 жылғы Конституцияның қабылдануы деуге болады. Осы кезеңде тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясының қабылдануына байланысты мемлекеттік жүйеде өзгерістер болғандықтан, 1993 жылғы 28-қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануы конституциялық дамудың келесі жаңа кезеңі болып табылады. Бұл Конституция Қазақстан қоғамын демократияландыруда маңызды қадам болды, жаңа тәуелсіз мемлекетті өркениетті конституциялық елдердің қатарына қосты.

Сонымен бірге, реформаның осы екінші сатысында нарықтық экономика құрудағы алғашқы қадамдар да жасалған еді. Экономика саясатты, ал саясат құқықты анықтайтын болғандықтан, осы үшеуі мемлекеттің үш тұғыры болып саналады. Экономика мен саясат бірігіп, лайықты құқықтық базаның болуын көздейтіндіктен, қоғамды әрі қарай, кезекті демократияландыру сатысына аяқ бастық. Осы кезеңде қоғамның саяси және экономикалық жетілдірілуіне байланысты заң саласын терең реформалау қажеттілігі пісіп-жетіліп, Қазақстанның құқықтық жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру үшін 1994 жылы Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы да қабылданғандығын атап өту қажет.

1993 жылғы Конституция кей жағдайларда сынға іліккенімен, Қазақстан қоғамын демократизациялаудағы бастапқы қарышты қадам болғанын айта кету керек.

1993 жылғы Конституцияның бар жоғы екі жыл жеті ай ғана қолданыста болғандығы оның Президенттің де, оны әзірлеушілердің де үмітін ақтамағандығын көрсетеді. Дегенмен де 1993 жылғы Конституцияның басты ережелерінен парламенттік республиканың нышандары байқалатын. Солай бола тұра, 1993 жылғы Конституцияға сәйкес Президенттің рөлі мен маңызы тек биліктің атқарушы тармағы жүйесімен шектелді дегенмен, ол оны басқара отырып, бір мезгілде мемлекет басшысы болып саналды да. Негізгі заңда жоғары биліктің функциясы мен жауапкершілігін белгілейтін конституциялық қағидалар мен құқықтар бекітілмегенімен Жоғарғы Кеңестің Президентті шамадан тыс шектегендігі туралы түйін де негізсіз. 1993 жылғы Конституция бойынша Жоғарғы Кеңестің заңдар қабылдау, салықтар енгізу мен бюджетті бекіту сияқты әдеттегі парламенттік өкілеттіктері болды, ал Премьер-министрді және бес министрді тағайындауға алдын ала келісім беруі әлемдік конституциялық практикада орын алған.

Конституцияда мемлекеттік басқару нысаны анықталмағанымен, тұңғыш рет мемлекеттік билікті ұйымдастыруда тепе-теңдік және тежемелік жүйесі конституциялық негізде бекітілді, ол мынадай элементтерден көрінді: президенттік вето және оны игеру тетігі, Президенттің және Вице-Президенттің орнынан кетуі, Министрлер Кабинетінің және

оның мүшелерінің орнынан кетуі, сондай-ақ Президенттің Жоғарғы Кеңестің ұсынысы бойынша Министрлер Кабинетінің мүшесін орнынан босатуы.

Сондықтан жаңа Конституцияның қабылдануын қосымша президенттік өкілеттіктер арқылы парламенттік оппозицияны басу қажеттілігінен туған қадам деп біржақты қарауға да болмайды. Бұлай деп айтуға сол кездегі қолданыстағы 1993 жылғы Ата Заңның еліміздің Негізгі заңы ретінде толыққанды жұмыс істеуге қабілетсіз болуы негіз болады.

Үшінші сатыда, 1995-1998 жж. аралығында Қазақстанның қазіргі даму бағдарын құру процесі басталған тағы бір реформаға кезек келді. Ол ең алдымен Конституцияның ережелерімен айқындалады. 1995 жылғы Ата Заңды әзірлеуге 1990 жылғы 25-қазандағы «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация», 1991 жылғы 1 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң, сондай-ақ 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы сияқты заң актілері негіз болды. Қазақстан Республикасының конституциялық дамуының жаңа кезеңі 1995 жылы республикалық референдумда жалпыхалықтық дауыс беру жолымен Конституция қабылдаған сәттен басталды деуге болады. Жаңадан қабылданған Конституция туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың: «1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанда реформалар жүргізуге қуатты импульс берді» [10, 91 б.], - деген тұжырымы мемлекетте жаңа даму кезеңі басталғандығын жария етті.

Сонымен, 1995 жылғы 6 наурызда Конституциялық Соттың қаулысымен Жоғарғы Кеңес сайлауы Конституцияға сәйкес келмейді, ал заң шығарушы орган - заңды емес деп жарияланып, Президенттің алдында бұл жағдайда үш шешімнің біреуін таңдап алу міндеті тұрғандығы мәлім болды. Бірінші жол бойынша қолданыстағы Сайлау туралы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізіп, оны Конституцияға сәйкестікке келтіру. Бұл шешімнің нәтижесінде басқа депутаттардан құралған, бірақ бұрынғы кемшілігі жойылмаған Жоғарғы кеңестің «жаңа нұсқасы» пайда болар еді.

Осындай жағдайлар тоғысында қабылданған Қазақстан Республикасының Ата Заңы преамбуладан және тоғыз бөлімнен тұрады. Преамбула Конституцияның құрылтайшылық сипатын көрсетеді. Осылайша, Конституция халық пен мемлекет арасындағы шарт бола отырып, қоғамда пайда болатын негізгі қатынастарды реттейді. Ол барлық салаларды: саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларды қамтиды.

Ата Заң қабылданғаннан кейінгі жылдары, яғни 1995-1998 жылдарда Президент ел үшін бүкіл жауапкершілікті өз қолына алып, Қазақстан халқын сол кезеңде қоғамды жайлаған қаржылық, әлеуметтік тығырықтан алып шығуға көп үлес қосқандығын айтпай өтуге болмайды.

Реформаның төртіншісі сатысы 1998-2007 жж. аралығы. Бұл кезең негізінен демократиялық жетілдіру қажеттілігімен сипатталады. Қазақ елі мемлекеттілігінің әрі қарайғы қалыптасуына байланысты тағы бір реформа жүргізу сатысына кезек келіп, 1998 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған конституциялық заңмен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл реформаның жүргізілуіндегі басты айырмашылық оның сот саласын жетілдіруге басты назар аударуы болды. Жүргізілген конституциялық реформаның қажеттілігі демократияны, адам құқықтарын кеңейтуге, атқарушы билікті күшейту мен билікті бөлу қағидасын одан әрі жетілдіруге негізделген болатын.

Осылайша, конституциялық реформа Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайтуға, мемлекеттік биліктің жаңа институттарын құруға, әлеуметтік-экономикалық дамудың, адамның құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерін жетілдірудің жаңа үлгілерін ойлап табуға ықпал етті.

2000 жылдан бастап елде экономика тұрақтанып, мемлекет әлеуметтік мәселелерді шешуге баса назар аудара бастады. Біздің қоғамымызды саяси тұрғыда қайта құру және одан әрі демократияландыру мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Азаматтық қоғам құру жолында маңызды қадам жасалып, Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия және Демократиялық реформалардың бағдарламаларын әзірлеу

және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия сияқты арнайы жұмыс топтары құрылып, олар соңғы төрт жыл ішінде көптеген мәселелерді талқыға салып, елеп-екшеп қоғам назарына ұсынуға дайындық сатысынан өтіп жатты. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев 2005 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты кезекті жолдауында біздің республикамызда қолданылып жүрген 1995 жылғы Конституция туралы былай деген болатын: «Ең әуелі қолданылып жүрген Конституциямыздың әлеуетін барынша пайдалануымыз қажет. Егер атына сын айтылып жүрсе, оның ережелерінің орындалуына ғана қатысты болып жүр. Негізгі заңға өзгертулер енгізуге болады. Бұл өзгертулердің басты мәселесі - халқымыз президенттік басқарудың қазіргі жүйесін бұдан былай да қолдай ма әлде елдегі толып жатқан саяси партиялардың билік жүргізуін қалай ма? Ең демократиялық шешім халықтың өзінің еркі деп ойлаймын. Уақыты жеткенде, біз азаматтарымызға бұл жөнінде сауал салатын боламыз. Сөйтіп, біз халқымыз бен еліміздің қажетіне қарай шешім шығаратын боламыз» [11].

Қазақстан Республикасында кезекті конституциялық реформаны жүргізу қажеттілігі мен конституциялық дамуды жылдамдатуға қандай себептер болғандығы жайлы профессор С.Ударцев мынадай тұжырым келтіреді:

- қоғам дамуындағы жаңа сатының басталуы мен жаңа заңнамаға көшу қажеттілігі;
- тиімділігі аз шикізаттық экономикадан айтарлықтай өнімді және келешегі бар өнім өңдеу, өндіру экономикасына көшу;
- заң шығармашылығы мен мемлекеттік басқаруға әлеуметтік күштер мен халық топтарын тарту тетігін құрудың аса қажеттілігі;
- қазіргі тарихи жағдайға сәйкес келетін баламалы билік балансын құру қажеттілігі;
- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын әрі қарай дамыту мен қорғаудың объективті қажеттілігі [12, 7-8 бб.].

Қазақстан Республикасының Конституциясы - бұл өз кезеңіндегі құжат. Ол Қазақстанның өтпелі кезеңдегі даму жолын ескере отырып жасалған. Ал өтпелі кезең мен оның ұзақтығы туралы біздің қоғамымызда әлі бір түйінге келген көзқарас, пікір жоқ. Конституцияға енгізілген өзгертулер ментолықтырулар мемлекеттің экономикалық, қоғамдық құрылымының тұрақтылығын қамтамасыз ету тетіктерін жасауға бағытталды. Дегенмен әлі қоғам өмірінде шынайы жүзеге аспаған, бірақ ата заңда жария етілген қағидалар бар. Соңғы өзгертулер толық дәрежеде жұмыс істеуде деп айта алмаймыз, өйткені мұндай тұжырым жасауға жаңа нормаларды іске асыруда экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да факторлардан туындайтын қиындықтар жол береді.

Себебі, Республиканың демократияға қарай өту жолы күрделі болуда. Осындай өтпелі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымында көптеген өзгерістер орын алары даусыз нәрсе.

Еліміздің өткенгі және бүгінгі даму барысына көз жіберген адам Елбасымыздың бағдарламалық тұжырымдарының өте байсалды, ғылыми негізі бар екеніне көз жеткізеді. Өйткені, жаңа мемлекетті құрудың эволюциялық жолын таңдауымыз керек болды. Неге өзгерістер көп, неге қажетті құқықтық нормаларды бірден жазып көрсете салмадық, мұндай реформа жасау еліміздің саяси өміріндегі қандай қажеттіліктерге негізделген деп сын айтатындар да баршылық.

Реформалауды әрі қарай жалғастырғанда оны іс жүзінде асырудың басты шарты-қазақстандық құқықтық мемлекеттіліктің конституциялық моделінің тұрақтылығы мен ұзақ мерзімділігінің қанша маңызды екендігін ұмытпаған жөн. Сондықтан да қазақстандық мемлекеттіліктің алғашқы конституциялық моделін жақсарту, өзгерту және үйлестіру үшін конституционализмді баянды етудің қағидатты маңызы бар. Бұл әрекет қолданыстағы Конституцияда көрініс тапқан нормалар, принциптер, механизмдер мен қалыптасқан тәртіпке, жағдайларға негізделіп, оған түсініктемелер беру, өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде жүргізілді. Республикамыздың өндірісі, экономикасы, мәдениеті, халқымыздың сана сезімі, әсіресе құқықтық санасы жаңа деңгейге көтерілді.

Уақыт өте келе Конституцияның күшті жақтары да, әлсіз жақтары да, «ақтаңдақтар» да, келіспеушіліктер де айқындалады. Әрине, әзірлік сатысында барлығын ескеріп, қарау мүмкін емес.

Халық алдында есеп беретін мемлекеттің қалыптасуында конституциялық реформалардың ролі өте зор. Өйткені адам және азаматтардың құқықтарының сақталуына кепілдік бере алатын мемлекет халық алдында толыққанды есеп бере алады. Ол үшін төртінші өнеркәсіп революция ауқымында құқықтық органдардың дамуының жаңа мүмкіндіктері қарастырылуы керек. Цифрлы технологияға бейімделген құқықтық процесстерді одан әрі жетілдіру бүгінгі күннің өзекті міндеттері. Жаңа форматта дайындалып құқықтық санасы мен мәдениеті жоғарғы заңгер мамандар есеп беруші мемлекеттің негізін қалыптастырады. Ол құқықтық жүйені бекіте түсуде елімізде жүргізілген конституциялық реформалардың берер тәжірибесі мол деп айтуымызға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Холмс С. Конституция и конституционализм//Сравнительное конституционное обозрение,2012,№3(88), 61 с.
- 2 Сартаев С.С. Конституция-зайырлы мемлекеттің айнасы//Егемен Қазақстан, 2015, №27(97), 8 б.
- 3 Нурпеисов Е.К., Котов А.К. Государство Казахстан: от ханской власти-к президентской республике. Алматы: Жеті Жарғы, 1995,88с.
- 4 Котов А.К. Конституция и конституционализм//Правовая реформа в Казахстане,2000, №2(77), 82 с.
- 5 Сапарғалиев Г.С. Некоторые проблемы реализации Конституции в Республике Казахстан//Правовая реформа в Казахстане,2003, №2(67), 82 с.
- 6 Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С. Становление правового государства и конституционный процесс В Республике Казахстан, Алматы ,2001, 382 с.
- 7 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан, Алматы ,1996, 282 с.
- 8 Ибрагимов Ж.И. Конституциялық реформа- қоғамды демократияландырудың шынайы қадамы// Астана ақшамы, 2012, №77(97), 12 б.
- 9 Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»1991жылдың 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысы.1991. №1.95 б.
- 10 Назарбаев Н.Ә.Қазақстан жолы, Қарағанды ,2009, 282 б.
- 11 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Қазақстан халқына жолдауы//Егемен Қазақстан, 2005, №97(97), 8 б.
- 12 Ударцев С.Ф. Конституция и эволюция общества (вопросы теории и философии права), Санкт-Петербург,2015, 388 с

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР Сәулен Нұржан**

Диссертациялық деңгейде М.С. Бейбітовтың «Самоуправление в высших учебных заведениях РК (организационно-правовые проблемы)» (1995 ж.) [2] тақырыбындағы және Р.Р. Султановтың «Организационно-правовые вопросы и реализация конституционного права на образование в РК» (2006 ж.) [3] тақырыбындағы кандидаттық жұмыстарын айта аламыз. Өкінішке орай жоғарыда аталған ғалымдардың барлығы бүгінде бұл саладағы зерттеу жұмыстарын тоқтатқан. Осы себепті де, заң ғылымында біз қарастырып отырған мәселе мұрты бұзылмай тұр деуге болады. Министрлік тарапына да бұл саладағы құқықтық мәселелерді мониторинг жасауға ниет білдіргендер болмай отыр.

Осы себепті де, бұл мақалада, сәл болса да, отандық ғылымының бүгінгі жағдайы мен ЕАЭО шеңберінде даму барысына, оның нормативтік базасы мен басқару механизміне және өзге де ғылыммен байланысты ұйымдастырушылық мәселелерге тоқталып кету көзделіп отыр. Сондай-ақ, зерттеу барысында ғылыми кадрлар дайындауға кедергі болып отырған факторларды анықтап, оны шешу жолдарын ұсыну көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы бүгінде білім және ғылым саласында ауқымды реформалар жүргізуде. Ғылымға деген мемлекеттің саясаты, яғни жалпы стратегиялық бағыты дұрыс жолға түскендей. Ғылым мен инновацияны, инновация мен өнеркәсіпті жақындату мақсатында мемлекет тарапынан ондаған мемлекеттік бағдарламалар, жүздеген нормативтік